



QAZAQ

Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен
шыға бастады

Әл-Фараби
атындағы
Қазақ ұлттық
университеті

UNIVERSITETI



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

WWW.FARABI.UNIVERSITY

№34 (1900) 11 ҚЫРКҮЙЕК 2023 ЖЫЛ

Мұрат Әуезге арналған халықаралық жиын өтті



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде мемлекет және қоғам қайраткері, дипломат, мәдениеттанушы ғалым, қаламгер Мұрат Әуездің 80 жылдық мерейтойына арналған «Тарихи-мәдени үдерістегі сабақтастық» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен және Алматы қаласы музейлер бірлестігінің ұйымдастыруымен өткен тағылымды жиынның мақсаты – Мұрат Мұхтарұлының ғылыми, шығармашылық еңбектерімен қатар, қоғамдық және мемлекеттік қызметінің маңызды кезеңдерін саралап, қайраткер қаламгердің рухани мұрасын насихаттау. Іс-шараға мемлекет және қоғам қайраткерлері, Алматы қаласының әкімдігі, ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымының бас хатшысы Сұлтан Раев, Татарстан жазушылар одағының төрағасы

Зайдулла Ркайл, Татарстан халықтары ассамблеясының төрағасы Ирек Шарипов, ҚР Ұлттық кітапханасының директоры Бақытжамал Оспанова қатысып, мерейтой иесін құттықтады. Конференция жұмысын ашқан Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев мерейтой иесінің қазақ руханиятында алатын ерекше орнын атап өтті.

Жалғасы 2-бетте

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультеті қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, жазушы, журналист Кемел Тоқаевтың туғанына 100 жыл толуына орай, «Замандас сыры» республикалық студенттер, магистранттар, PhD-докторанттар арасында шығармашылық байқау жариялайды.

«Замандас сыры» байқауы жарияланды



Жазушының өмірі мен шығармашылығына арналған байқау ережесіне сәйкес, студенттер, магистранттар, PhD-докторанттар, жас ғалымдар құқықтық, этика тақырыптарындағы журналистік зерттеулер, детектив жанрына арналған ғылыми-зерттеу, шығармашылық жұмыстарын жолдай алады. Байқау жұмыстары 2023 жылдың 29 қыркүйегіне дейін қабылданады. Байқау материалдары zamandas.syry@gmail.com электрондық поштасы арқылы қабылданады. Іріктеуден өткен шығармашылық жұмыстар ашық түрде «Замандас сыры» байқауы» Telegram каналында (<https://t.me/zamandassyry>) жарияланады. Желі қолданушылары жарияланған материалдармен танысып, өз пікірін қалдыра алады. Байқау комиссиясының құрамында белгілі журналистер, қаламгерлер, қоғам қайраткерлері бар. Жеңімпаздарға арнайы жүлделер тағайындалған.

Желі қолданушылары жарияланған материалдармен танысып, өз пікірін қалдыра алады. Байқау комиссиясының құрамында белгілі журналистер, қаламгерлер, қоғам қайраткерлері бар. Жеңімпаздарға арнайы жүлделер тағайындалған.

Қытаймен ынтымақтастық жалғасады

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев ҚХР Шэньси провинциясы Коммунистік партиясы жанындағы білім және өнеркәсіп комитетінің хатшысы Лю Цзянли бастаған делегациямен кеңейтілген құрамда келіссөздер жүргізді. Делегация құрамында Қытай университетінің ректорлары мен проректорлары бар.

(ТДМ) бойынша көптеген іс-шаралар атқарылуда. Еліміздің жетекші университетінің көптеген ғылыми-білім беру жобалары ТДМ аясында жүзеге асырылып, білім беру сапасын жақсарту, бейбітшілік, әділдік және тиімді институттар, тұрақты даму үшін серіктестік мәселелері жан-жақты қамтылуда.

Өз кезегінде Лю Цзянли оқу ордасына шақырғаны үшін университет ректоры мен ұжымына алғысын білдіріп, бүгінгі басқосудың маңыздылығына тоқталды.

Света ӘБИЛҒАЗЫҚЫЗЫ



Тараптар ҚазҰУ мен ҚХР жоғары оқу орындары арасындағы серіктестікті арттыру, бірлескен ғылыми жобалар әзірлеу, ортақ конференциялар өткізу бойынша пікір алмасты. Жүздесуде Жансейіт Түймебаев жоғары оқу орнының білім беру және ғылыми-зерттеу жұмыстарымен, сондай-ақ университетті одан әрі дамыту стратегиясымен таныстырды. Сондай-ақ өз сөзінде ректор ҚазҰУ Қытайдың жоғары оқу орындарымен ынтымақтастықты ілгерілету бағытындағы жұмыстарды жалғастыра беретінін атап өтті. Бүгінде ҚазҰУ-да тұрақты дамудың барлық 17 бағыты



Деннис ДЖЕТТ:
Казахстан успешно совершил транзит к независимости

3 >>



Кәкен ҚАМЗИН:
«Qazaq universiteti» газеті – университеттің өренді

4 >>



Фарида ТОҚАНҚЫЗЫ:
Ректорат құрылысында қолтаңбам қалды

5 >>

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымының бас хатшысы Сұлтан Раевпен кездесіп, ынтымақтастықты одан әрі арттыру, ауқымды жобаларды бірлесіп жүзеге асыру мәселелерін талқылады.

ТҮРКСОЙ марапатына ие болды



Жансейіт Түймебаев Сұлтан Раевты ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымының 30 жылдық мерейтойымен құттықтап, ыстық лебізін білдірді.

Өз кезегінде Сұлтан Әкімұлы ҚазҰУ мен ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымы арасындағы серіктестікті одан әрі арттыруға ниетті екенін жеткізіп, барлық бастамаларды қолдайтынын айтты.

Кездесу барысында Сұлтан Әкімұлы Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, жазушы Нұрғали Ораз бен Ақпарат және коммуникациялар департаментінің директоры, ҚазҰУ-дың баспасөз хатшысы, «Мәдениет саласының үздігі» Қаншайым Байдәулетті түркі әлемінің мәдениеті мен өнеріне қосқан үлесі үшін ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымының 30

жылдық мерейтойлық медалімен марапаттады.

Сонымен қатар ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымының «Ахмет Байтұрсынұлы» медалімен филология ғылымының докторы, профессор Берікбай Сағындықұлы, Абай ғылыми-зерттеу институтының директоры, филология ғылымының докторы, профессор Жанғара Дәдебаев, Түркітану және алтайтану ғылыми-зерттеу институтының директоры, профессор Нұрсұлу Шаймерденова, Түркітану және тіл теориясы кафедрасының меңгерушісі, профессор Раушангүл Авакова, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қазақ тіл білімі кафедрасының меңгерушісі, филология ғылымының докторы Анаркүл Салқынбай марапатталды.

Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ

ҚазҰУ-да Қытай университеті филиалы ашылады

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қытай Халық Республикасына ағымдағы жылдың мамыр айында жасаған мемлекеттік сапары аясында Солтүстік-батыс политехникалық университетінің филиалын ҚазҰУ-да ашу жөнінде келісімге қол қойылған болатын.



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев оқу ордасына жұмыс сапарымен келген Солтүстік-батыс политехникалық университетінің вице-президенті Чжен Цзянью бастаған делегациямен кездесу өткізіп, филиал ашу жөніндегі мәселелерді талқылады.

Делегация құрамында Мәдениет және мұра институтының директоры Донг Вэньцян, Халықаралық ынтымақтастық кеңсесі басшысының орынбасары Чэн Жун, Халықаралық академиялық бөлімі халықаралық мектебінің басшысы Сун Ао, Халықаралық мектебінің жоба жетекшісі Ван Итун бар.

Жүздесуде ректор Жансейіт Түймебаев ҚазҰУ-да Солтүстік-батыс политехни-



калық университетінің филиалын ашуды жеделдету және аталған жұмыстарды сапалы атқару қажет екенін жеткізді.

«Жуық арада Солтүстік-батыс политехникалық университетінің филиалын ҚазҰУ-да ашуды жеделдетіп, ортақ білім беру бағдарламаларын жүзеге асыруымыз қажет. Біз өз тарапымыздан атқарылатын жұмыстарды жүргізудеміз. Аудиториялар-

ды дайындап, оқытушы-профессорлар құрамы отыратын кафедраны жасақтаймыз. Сіздер тараптан атқарылатын жұмыстарды да жеделдету маңызды. Бұл тарихи оқиға болмақ. Себебі бұл Қазақстан мен Қытай арасындағы ашылғалы отырған алғашқы филиал», – деді ректор.

Өз кезегінде Солтүстік-батыс политехникалық университетінің вице-президенті Чжен Цзянью филиал ашу бойынша Қытай тарапынан жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы ақпарат берді.

ҚазҰУ-да ашылатын филиалда Қазақстан мен Орталық Азиядан келген студенттер білім алады. Кейін оқуын аяқтағаннан соң, түлектерге екі университеттің дипломы берілетін болады.

Айнұр АҚЫНБАЕВА

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Қытай университеттерінің басшыларымен өткен жиынға қатысып, оның нәтижесінде өзара тиімді ынтымақтастық туралы бірқатар келісімдер жасалды.

Қытай Халық Республикасына мемлекеттік сапары барысында ҚазҰУ базасында Солтүстік-батыс политехникалық университетінің филиал-

ҚХР жоғары оқу орындарымен келісім жасалды

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ҚХР-дың 50-ден астам жоғары оқу орындарымен тығыз байланыс орнатқан. 2019-2022 оқу жылдарында ҚазҰУ-дың 79 білім алушы жастары академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында Қытай университеттерінде тағылымдамадан өтті. Оқу орнында Конфуций институты және Қытайтану кафедрасы жұмыс істейді. Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың



лын құру туралы келісімге қол қойылды.

ҚазҰУ Қытай университеттерімен серіктестікті жалғастыруда. Кездесу барысында университет ректоры Жансейіт Түймебаев ҚХР ЖОО басшыларымен ғылым және жоғары білім саласындағы байланыстың келешек бағыттарын талқылап, бірқатар бағдарламалық құжаттарға қол қойды.

Айнұр АҚЫНБАЕВА

Мұрат Әуезге арналған халықаралық жиын өтті

Соңы.
Басы 1-бетте

«Мұрат Мұхтарұлы есімі қазақ халқына ғана емес, барша түркі дүниесі мен ислам әлеміне жақсы таныс. Қаламгер Мәскеуде оқып жүрген кезінде қазақ жастарының басын қосқан «Жас тұлпар» қозғалысының белді мүшесі, жетекшілерінің бірі болды. Семей ядролық полигонын жабу жөнінде бастама көтерген «Невада – Семей» қозғалысына мүше болып, елдік мәселелерге атсалысты. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Қазақстанның Қытай Халық Республикасындағы тұңғыш төтенше және өкілетті елшісі қызметін абыроймен атқарып, ұлттық дипломатияның дамуына үлес қосып, екі ел арасындағы байланыстарды жаңа бағытта іске асыруға күш салды. «Қазақфильм» киностудиясында бас редактор болған кезеңде ұлттық кинематографиядағы жаңа толқынды қалыптастырды. Қазақстан жа-



зушылар одағында еңбек еткен жылдары көркем аударма және әдеби байланыстар саласын дамытты», – деді ректор.

Жиында сөз алған ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымының бас хатшысы Сұлтан Раев: «Мұрат Әуез – асылдың сынығы, ұлттың ар-ожданы, зиялылықтың айнасы, философ ғалым», – деді.

Шара барысында шығыстанушы, түркітанушы, тарихшы ғалымдар Роберт Эрмерс, Сафар Абдулло, Александр

Қадырбаев, Рқайл Зайдуллин баяндама жасап, профессор Мұрат Мұхтарұлының әдеби және саясаттағы зор үлесі мен жетістіктеріне тоқталды.

Конференцияда Мұрат Мұхтарұлының түрік тіліндегі «Birliktelik» (Бірлік) кітабының тұсауы кесілді. Бұл жинақ ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымының қолдауымен жарық көрді.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ

Экс-посол США, профессор школы международных отношений Университета штата Пенсильвания Деннис Джетт выступил в КазНУ имени Аль-Фараби с лидерской лекцией на тему: «Поддержание мира и эволюция конфликта». На мероприятии собрались представители руководства, профессорско-преподавательского состава и студенты университета. Почетного гостя приветствовал Председатель Правления – Ректор КазНУ имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев. Представив лектора, он остановился на главных вехах его биографии. Деннис Джетт является одним из основателей школы международных отношений университета штата Пенсильвания. Он занимал должность атташе по науке в Тель-Авиве, а также ряд должностей в Государственном департаменте США. Был специальным помощником президента и старшим директором по делам Африки в Совете национальной безопасности, работал послом США в Мозамбике. За свои усилия по укреплению демократии в Перу он был впоследствии награжден орденом Солнца от правительства Перу в 2001 году, а также наградами от ежедневной газеты Лимы La Republica и Frecuencia Latina, телеканала Channel 2. «Мы от всего сердца благодарим вас за возможность встречи с вами, ваша лекция, как дипломата, ученого, государственного деятеля очень ценна для профессионального развития и личного роста студентов», – подчеркнул руководитель университета. В ответном слове профессор Д.Джетт, поблагодарив за приглашение, ответил, что его поразило «гостеприимство казахского народа и университет, который имеет глубокую историю, традиции, амбициозные планы и яркое будущее».

Деннис ДЖЕТТ, профессор Пенсильванского университета:

Казахстан успешно совершил транзит к независимости

В лекции, посвященной теме поддержания мира, Деннис Джетт поделился своим опытом дипломата, когда ему приходилось заниматься вопросами урегулирования конфликтов в Аргентине, Израиле, Малави, Мозамбике и других странах мира.

– Сегодняшняя моя лекция будет посвящена теме поддержания мира. Для меня это важно, в первую очередь из-за того, что я был послом в шести разных странах. К сожалению, во всех этих странах происходили неприятные события. Первый случай был связан с терроризмом в Аргентине в 1973-1975, тогда эта страна была в шаге от гражданской войны. Затем в 1980-83 гг. в Израиле проводили миротворческие операции, так как Израиль имел конфликты с соседними государствами.

ООН была создана 26 июня 1945 года, тогда в уставе ООН не было ничего о поддержании мира. Устав гласил, что ООН создана для того, чтобы попытаться сохранить международный мир и стабильность. Итак, ООН в 1948 году создает новую страну – Израиль. И тут же соседние арабские страны напали на нее. Израиль сопротивлялся, тогда ООН вошел в страну с миротворческими силами. Первая миротворческая миссия ООН была тогда запущена, и она до сих пор функционирует. В Иерусалиме была учреждена миротворческая миссия, которая способствовала установлению постоянного мира. Сейчас мир заключен между Израилем и Египтом, между Израилем и Иорданией, но не между Израилем и Ливаном (Сирией), поэтому миссия до сих пор продолжает свою деятельность.

Малави была моей первой африканской страной, где вынуждены были искать кров 1.5 млн беженцев из Мозамбика из-за гражданской войны. Мы должны были оказать им помощь и надеяться на восстановление мира в их стране. Далее США отправили миротворческую миссию, задача которой была подготовить и провести в Мозамбике первые президентские выборы. Следующее назначение ожидало

меня в Либерии в августе 1989, где с начала года бушевала ожесточенная гражданская война и полтора года мы были заняты урегулированием данного конфликта.

Спустя некоторое время, гражданская война в Мозамбике закончилась, и страна получила независимость от Португалии довольно-таки неожиданно, без надлежащей подготовки. В то время Мозамбик не был готов к независимости. Надо отметить, что Казахстан, будучи частью Советского Союза, совершил успешный транзит к независимости. А в Мозамбике дело обстояло по-иному, Португалия в свое время не инвестировала в образование своих колоний. В Мозамбике не было образованных людей, из числа всего населения было всего 8-10 выпускников вузов, поэтому у них не было возможности руководить новым, независимым государством. Поэтому в стране разразилась гражданская война, которая продолжалась до 1992, пока противостоящие стороны не подписали мирный договор.

Затем ООН провела другую миротворческую операцию по урегулированию спорных территориальных вопросов между Перу и Эквадором. Это был пограничный спор между Перу и Эквадором, которые не знали где проходит точная граница между ними. Когда они прокладывали линию границы неожиданно появилась новая река, о существовании которой никто из сторон не знал. Данное открытие привело к напряжению в отношениях, а позже повлекло за собой вооруженные конфликты за данную территорию. Это была ненужная война, которая не стоила того. Здесь были джунгли, которые не вызвали желания даже самолетом пролетать над ними. Но страны воюют по многим причинам, и борьба за территории одна из них.

Когда вооруженный конфликт происходит в какой-то точке мира, есть два варианта его решения: можно проигнорировать или же попытаться разрешить его с помощью влияния международного сообщества. Поддержание мира – это один

из методов разрешения конфликтов и установления мира. На сегодняшний день 76 000 миротворцев ООН выполняют 12 миссий в разных частях мира. Ежегодно ООН выделяет 6.4 миллиардов долларов на миротворческие миссии, 28 % из которых оплачивает США. В данное время силы миротворческой миссии находятся в Западной Сахаре, Центрально-африканской Республике, Мали, Демократической Республике Конго, на Голанских Высотах, Кипре, Ливан, Южном Судане, Косово, в Индии и Пакистане, и также на Ближнем Востоке. По поводу вовлеченных специалистов в миротворческие силы сказать следующее: от Казахстана имеется шесть экспертов в одной миссии, двое дежурных офицеров, задействованных в миссиях в Центральной Африке, двое в Малави, один офицер в Ливане и 8 отрядов, в общей сложности из 76 000 миротворцев 19 солдат от Казахстана. Более того, для участия в миссиях Казахстан выделил 2.3 миллионов долларов. США, в свою очередь, также вносит свою лепту: 9 специалистов в Центральной Африке, 10 в Малави, 3 в Южном Судане, 3 на Ближнем Востоке, итого в общем 33 человека, США выделили всего 1.8 миллиард долларов.

Существуют три основных принципа операций ООН по поддержанию мира, первое правило: беспристрастность, не принимать чью-либо сторону, на войне могут быть две и более сторон. Вы обязаны придерживаться нейтралитета. Второе: неприменение силы, вы не можете стать частью войны. Третье: единственный случай по которому вы можете применить силу – это самооборона. В случае если солдаты одной из воюющих сторон убивают мирное население, и они не угрожают миротворцам ООН, то миротворческие силы просто должны стоять там. Это то, что происходило во время геноцида в Руанде и Боснии, где сербы убивали тысячи мусульман (детей в том числе), а миротворцы были там, но у них не было мандата на вмешательство и так сербы забрали жизни тысячи людей. Данное



лизации. Классическими операциями первого поколения считаются: миссии в Индии, Иерусалиме, на Кипре, на Голанских Высотах, в Ливане и Западной Сахаре. Операция прошла на Голанских высотах, тогда Президент Трамп признал суверенитет Израиля над Голанскими высотами. За тем короткая гражданская война в Косово, потом шли операции третьего поколения, на которых погибли больше всего миротворцев – в Дарфуре, Судане, Демократической Республике Конго, Южном Судане, Мали, Центральной Африканской Республике.

Следующая фаза – это гражданские войны. Это было гораздо труднее чем первая фаза. Первая фаза предполагала, что нужно патрулировать территорию и следить, чтобы на ней не было солдат. А гражданская война включает в себя режим и власть действующего лидера страны против людей, которые хотят эту власть забрать. Их можно назвать мятежниками, повстанцами, террористами или же борцами за свободу. Обычно они борются за политическую власть. В большинстве случаев подобные конфликты происходят в бедных странах, где мало оружия, где применяются в лучшем случае АК-47 и реактивные гранаты. Одним из способов ослабления политической силы врага является убийство мирного населения, убийство людей, которые поддерживают оппонента, данное действие приводит к гуманитарной катастрофе, то есть появляется большое число беженцев. Приказ, который ООН отдает миротворцам, заключается в том, чтобы войти в страну и усмирить население, провести выборы, создать новую национальную армию, которая будет лояльна тому, кто победит на выборах. Это то, что мы выполняли в Мозамбике, где до этого никогда не проводились выборы. Ранее Мозамбиком всегда руководили повстанческие группы, которые после ухода Португалии временами захватывали власть поочередно. В Мозамбике мы провели выборы в 1994, лицо находившиеся у власти победили. Это были свободные и справедливые выборы, поэтому миротворческая операция завершилась. Я стал послом США в Мозамбике сразу после того, как был подписан Мирный договор. Стороны подписали Мирный договор в Риме.

В течение 20 лет ООН были запущены 5 миротворческих операций, они включают в себя миссии по защите и стаби-

Я не могу говорить за Казахстан, но в США у нас очень странное отношение к Организации Объединенных Наций. У нас есть политики, которые говорят: «Я не хочу, чтобы какой-либо американский солдат находился под командованием генерала из Аргентины или генерала из Новой Зеландии. Наши солдаты должны находиться под командованием американского генерала». Есть и другие проблемы, например, в миротворческой операции каждый раз, когда запускается новая операция, генеральный секретарь ООН должен объезжать весь мир и просить людей для миротворческих сил. В этом плане Китай в последние 5 лет очень активен, до этих времен он не отправлял ни одного солдата на миссии, теперь их число достигло до 4000 человек. Сейчас миротворческие контингенты из Индии, Пакистана и Непала очень большие. Честно говоря, в таких бедных странах, как Бангладеш или Непал плохо подготовлены. ООН платят ежемесячно 1400 долларов за каждого миротворца, которого они посылают. Он эти страны своим солдатам платят мизерную сумму. На самом деле, для этих стран это операция получается по зарабатыванию денег. Поэтому они готовы побольше отправлять своих солдат. Был и такой случай, непальские солдаты высланные на Гаити, когда там проводилась миротворческая операция, принесли с собой холеру. Таким образом, 10 тысяч жителей Гаити умерли от холеры, которой никогда там не было. И еще около миллиона жителей заразились холерой. Такие инциденты ООН не хочет признавать, чтобы не нести ответственность. Это очень сложно.

Мен Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне алғашында аға оқытушы болып қызметке қабылдандым. Оған дейін телевизия, радио, журналда, «Алматы ақшамы» газетінде, «Жазушы» баспасында жұмыс істедім. Осылай тәжірибе жинап келіп, студенттерге дәріс оқи бастадым. Төпсе темір үземіз деген жастамыз. Сабақ беріп жүргенімде журналистика факультетінің сол кездегі деканы Намазалы Омашев: «Сенің тәжірибең бар, «Qazaq universiteti» газетіне редакторлыққа ұсынып отырмыз», – деді. Ол кезде көнбеске лаж жоқ, дегенмен пәлендей ықыласым болмады. Өйткені менің ойым ғылым жолын қуып, кандидаттық, докторлық диссертация қорғау болды.



мерейтойлық нөмірі шығатын болды. Газет 8 бет болып степлермен жабыстырылып шығатыны жоғарыда айтылды. Ректор Көпжасар Нәрібаевқа кіріп, өз ойымды айттым. Ректор «қаражат аз болса да, бұл нөмірді дұрыстап шығарайық» деді. Материал жинай бастадық. Мәмбет Қойгелдиевтің қазақ тарихына байланысты оның қалай жазылып, оқытылуы керектігі жайлы керемет материалы шықты. Сол кездегі жағдайларға байланысты ұтымды материалдар беруге тырыстық.

Өз баспаханамыз газетті басып шығара алмайтын болған соң, баспахана іздедік. Белгілі баспагер Ырым Кененбай ағамызға жағда-

Ғалымдар сыйақы алды

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ғалымдары Scopus дерекқор базасына енген журналдарда жарияланған мақалалары үшін сыйақы алды.



129,1 млн теңге сыйақы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаевтың қолдауымен берілді.

Scopus – ғылыми басылымдар мақалаларының дәйексөздік деңгейін анықтауға мүмкіндік беретін әлемдегі ең ірі рефераттық дерекқор. Бұл базаны рейтингтік агенттіктер университеттердің әлемдік рейтингтерін құру үшін пайдаланады. ҚазҰУ авторларын материалдық ынталандыру, білім алушылар мен оқытушыларды қолдау тұрақты жүзеге асып келеді.

Бүгінде ҚазҰУ-да Тұрақты дамудың барлық 17 бағыты (ТДМ) бойынша көптеген іс-шаралар атқарылуда. Еліміздің жетекші университетінің көптеген ғылыми-білім беру жобалары ТДМ аясында жүзеге асырылып, білім беру сапасын жақсарту, бейбітшілік, әділдік және тиімді институттар, тұрақты даму үшін серіктестік мәселелері жан-жақты қамтылуда.

2022 жылы жарық көрген университет қызметкерлері мен ОПҚ-ның 537 мақаласына сыйақы рейтингтік журналдардың CiteScore бойынша SJR, квартиль және процентиль көрсеткіштері негізінде тағайындалады.

Айнұр АҚЫНБАЕВА

Студенттер үздік атанды

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың шығыстану факультетінің студенттері Катар мемлекетінің Доха қаласында өткен халықаралық олимпиадаға қатысты.

Олимпиадаға қатысушылар 6-7 мамыр аралығында өткен онлайн-турдың нәтижелері бойынша анықталды. Оған 40 команда қатысты, 11 команда араб тілінде сөйлемейтін елдер қатарынан. Шығыстану факультетінің 3-курс студенттері: Әсем Ерланқызы, Назерке Наурызғалиева, Айсәуле Тағыбай, Гүлфайруз Сәуірбай пікірсайыс чемпионатының онлайн платформасында әлемнің түкпір-түкпірінен келген студенттермен шешендік өнерде бақ сынасты. Нәтижесінде Қазақстан атынан қатысқан Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ командасы араб тілінде сөйлемейтін елдер арасында 3-орынды иеленді.

Аталған сайысқа қатысу жастардың пікір алмасуы мен тиімді қарым-қатынас жасау дағдыларын дамытуға көмектеседі. Олардың ой-өрісін кеңейтуге, қарсыластарының пікірін құрметтеуге, сыни тұрғыдан ойлау мен интеллектуалдық қабілеттері шыңдалды. Араб тілінде өткізілетін пікірталас шетел тілінің коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға және оқытылатын шет тіліне ынтасын арттыруға ықпал етеді. Қатысушыларға Qatar Foundation қарамағындағы Qatar Debate ұйымы қаржылық қолдау көрсетті.

Фатима МАМЕДОВА,
ТШЖОА кафедрасының
доцент м.а., ф.ғ.к.

Кәкен ҚАМЗИН, филология ғылымының докторы, профессор:

«Qazaq universiteti» газеті – университеттің бренді

Әйтсе де бас тартуға болмайды. Н.Омашев сол кездегі ректорымыз, экономика ғылымының докторы, профессор Көпжасар Нәрібаевқа алып кірді. Ол кісі мені өте жылы қабылдады. Көпжасар Нәрібайұлы өте парасатты, биязы, мәдениетті, оқыған-тоқығаны мол жан екен. Бұған кейін молынан көзім жетті. Мен соған тәнті болдым және редактор болуға келістім. Ректор: «Сен газетте мені жылтындатып көрсете берме. Осында жұмыс істеп жүрген оқытушы-профессорлардың, студенттердің, техникалық қызметкерлердің өмірін көрсет. Ал біз оларға қызмет ететін жоғарыдан тағайындалған қызметкерлерміз», – деп ақыл айтты. Мен ол кісінің айтқанын ұғып алдым да, сол жолды таңдап жаза бастадық.

Бұл экономикамыз енді ғана аяқтан тұрып келе жатқан қиын кез еді. Газетті шағын А4 форматында, 8 бет етіп шығарып, оны степлермен бекіттік. Мен сондай газеттің редакторы болдым. Газет «Қазақ университеті» баспаханасының қарамағында болды. Баспаның директоры (атын қазір ұмытып қалдым – К.К.) бізге өмірін жүргізуге тырысты. Мұндайға мен онша көне алмайтын қазақпын. Бірден бетін қайтарып тастадым. Осы жерде келіспеушілік пайда болды.

Бір күні аяқастынан Көпжасар ағамыздың хатшысы телефон шалып, шақырды. Жаңа дайындалып жатқан газет ректордың алдында жатыр. Іші толған қате. Мен әлі қол қоймағаным. Баспаханың директоры ректорға көрсеткен. Кейбір жерлеріне өзі де қате қосқан. «Мен бұл газетке әлі қол қойған жоқпын. Мұны қалай сізге көрсетеді?» деп шар ете түстім. Ректор әлгі кісіге қарады. Үндемейді. Мен түтігіп кеттім, тіпті айкайға бастым десем болады. Ректор мені сабырға

шақырып, «Сен Зұлхайырға баршы» деді. Зұлхайыр Мансұров ол кезде бірінші проректор. Менің қаным басыма шапшып, Зұлхайыр ағаның есігін жұлқып аштым. Ол кісі мені сабырға шақырып, кофе алдырды. Менің қандай халде кеткенімді айтып, Көпжасар ағамыз звондап қойған болуы керек. Біз жағдайды талқыладық. Содан кейін баспахана директоры біздің ісімізге араласпайтын болды. Бұған дейін редактор болғандар «сіздікі жөн, сізсіз біздің күніміз жоқ» деп жантайып жастық, иіліп төсек болады екен. Ал ондай мінез менде жоқ. Бетін қайтарып тастадым. Баспа директоры өз орнын білді. Біз газетті шығара бастадық.

Газет штатында алғашында менімен бірге тағы бір жігіт болды. Тегін ұмытып қалдым. Біреулер арқылы келген бе, жұмысқа онша құлықсыз болды. Жазғандары да көңілден шыға қоймады. Көпжасар ағамыз бен Зұлхайыр ағамызға айтып жүріп, өзіміз 1-курста оқып жүрген екі студентімді алдым. Қазір олар танымал журналистер – «Ұлан» газеті бас редакторының орынбасары Жұлдыз Әбділда мен Құрманғазы атындағы консерваторияның баспасөз хатшысы Бейбіт Мекеев. Олар, бір жағынан, жазу-сызуға үйренді. Екінші жағынан, жалақы алып тұрды. Студенттерді, профессорына газетке беріп отырдық. Анда-санда бізге келген шетелдік қонақтарды да ұмытпаймыз. Газетті әр факультетке апарып беретінбіз. Дегенмен біздің профессорға, басқаларға газетке мақала жазуға онша құлықты болмады. Қайтарымды байланысты онша байқаған жоқпыз. Соған қарамастан, өз шаруамызды адал атқаруға тырыстық. Мен редактор болған жылдары Мұхтар Әуезовтің

туған күніне арналған мерейтойлық шаралар атқардық. Көлемі шағын газетке не сыйдырасың? Мұқанның көзін көрген, шәкірті болғандардың естеліктерін газетке шығардық. Мәлік Ғабдуллиннің студенттерге берген дәрісінде айтқан естеліктері қысқа ғана ақпараттық деңгейде берілді. Сонда Мәскен Сармұрзина апамыз қатты разы болып, рақметін айтты. Сол кездегі ғалымдар арасындағы тартыс, бақай есеп, тағысын тағылар туралы айтқан естеліктерін Мәлік Ғабдуллин ағамыз бұрын бізге де айтып берген. Кішкентай газеттің өзі Мәскен апамызға қатты әсер еткен екен. Жылы әрі шынайы жазылған материал болса керек.

Газетті барынша көркемдеп, оқылымды етіп шығаруға тырыстық. Сосын эпиграммалар шығара бастадық. Бұл сатирик, профессор Темірбек Қожакеев ағамыз жақсы көретін жанр. Эпиграмманы өлеңмен өзім жаздым. Ең бірінші ұстаздарымызға, әсіресе журналистика факультетіндегі Сағымбай Қозыбайұлы, Қырықбай Алдаберген, Ғалия Жүнісова, Аманқос Мектептегіне эпиграмма жаздық. Олар жылы қабылдады. Өйткені олар сөзді, қалжыңды түсінеді. «Біздің имиджімізді көтеріп тастадыңдар, танымал болдық қой» деп мәз болды. Журфак ұстаздары жылы қабылдаған соң, «ректор болмаса да, проректорларға эпиграмма жазып көрейікші» деп ойладық. Жаздық, бірақ эпиграмманы ең алдымен біздің кураторымыз Зұлхайыр аға бір көріп шығатын. Ол кісі эпиграмманы көрді де, тас-талқан болып ренжіді. «Бұл не? Бізді мазақ еткендерің бе? Біз сендердің құрдастарыңыз ба?» деп. Осы жағдайдан кейін эпиграмманы алып тастадық. Технарлар мұны түсінбеді. Біздің кезімізде газеттің

ойымды айтып едік, «Өзім оқыған университет, өзім оқыған журналистика факультеті. Сендерге газетті жарты бағасына басып беремін» деп қолдау білдірді. Міне, журналистик корпоративтік, достық, пейілділік деп, ол кісінің сөзіне сүйсініп, қатты разы болдым. Содан кейін материалдарды апарып бердік. Газетті тез-ақ басып берді. Еңсеміз керемет көтеріліп қалды. «Біздің газет осылай шығатын болған екен ғой» деп қатты қуанғандар көп болды.

Бір айта кетерлігі, сол уақытта баспаханада техредактор және корректор болып жүрген Айткүл Бабаева газетке көп еңбек сіңірді. Барлық жұмысты жүгіріп жүріп істеді. Қайда жұмсасақ сонда барды.

Ректор Көпжасар Нәрібаев бізді үнемі қолдады. Ол кісі БАҚ қызметкерлеріне ерекше көңіл бөлді. Қабылдау бөлмесінде профессорлар, аты дардай адамдар отырса да, мені бірінші қабылдады. Бұл баспасөзге деген құрмет деп түсіндім. Міне, осындай үлкен ағалардың мектебінен өттік, қолдауын көрдік. Бір жағынан, студенттерге сабақ беріп, екінші жағынан, газетті шығардық.

Ол кезде компьютер жоқ, жазу машинкасының өзі аз. Бізге жеке кабинет беріп, жұмыс істеуімізге барынша жағдай жасалды. «Qazaq universiteti» газетін шығаруда журналистика факультеті ұстаздарының еңбегі зор болды. Мен газетте бір жарым жылдай уақыт қана жұмыс істедім. Сіздерге есте қалған бір үзік сызды ғана айттым.

«Qazaq universiteti» газеті – өз газетіміз. Университеттің бренді, үні, елге шығатын сөзі. «Qazaq universiteti» газетінің сөзі, дауысы бәсеңдемесін, елдің құлағына жетсін!

Жазып алған
Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ



Фарида Жұмажанова осыдан 46 жыл бұрын Алматыға жоғары білім алуды мақсат етіп, асыл арманын арқалап келген жастардың бірі. Құжатын ҚазМУ-дың филология факультетіне тапсырғанымен, оқуға түсе алмады. Бағы жанбағанымен, тауы шағылмады. Ол өткен күндерді былай еске алады: «Құжатымды қайтарып алып келе жатқанымда университеттің шығаберісіндегі «Бүкілодақтық екпінді комсомолдық құрылыс – «КазГУград» шақырады!» деген жарнамаға көзім түсіп, сол жерге келдім. Онда оқуға түсе алмай қалған талапкер жастарды қалашықты салып жатқан құрылыс басқармаларына жұмысқа орналасуы үшін комсомолдық жолдама беріп жатыр екен. «Оқуға түсе алмадым, менен үміт күткен ата-анама не деймін» деп күйзеліп тұрған маған алдымнан бір үміт сәулесі жарқ еткендей болды. Бірден құрылысқа қаламын деп шештім.



Фарида ТОҚАНҚЫЗЫ:

Ректорат құрылысында қолтаңбам қалды

ҚазМУ қалашығын салушыларға да, басқаларға да қалалық тіркеу, жатақхана береді екен. Маған комсомолдық жолдаманы Алматы қаласындағы №13 СМУ (құрылыс-монтаж басқармасына) берді. Сылақшы мамандығына үйренуші болып орналасып, үш айдан кейін оқу комбинатында сынақ тапсырып, 3-ші разрядты сылақшы-әрлеуші мамандығын иелендім. Мен еңбек еткен №13 СМУ биология, заң факультеттерінің ғимараттарына және бірнеше жатақхана құрылыстарын жүргізген құрылыс-монтаж басқармаларының қатарында болды. Қалашықтың негізгі құрылысы – Ректорат ғимаратында да еңбек еттім. Бірнеше жыл №13 құрылыс басқармасында сылақшы болып жұмыс істей жүріп, ауыр еңбекке төселіп алсамдағы, негізгі арманым – жоғары білім алуды бір сәт те ойымнан шығара алмадым».

Содан Фарида Тоқанқызы қарайып қалмау үшін жұмыстан кейін Пушкин атындағы кітапханаға баруды әдетке айналдырады. Сенбі, жексенбі күндері де оқу залынан табылады. Тапсырылған жұмысты абыроймен атқарғаны үшін бірнеше мақтау қағазын алып, сан рет төсбелгімен марапатталды. Сол кездегі комсомолдық еңбектің және он бірінші бесжылдықтың екпінді болуы оны қоғамдық жұмыстарға да белсенді араластырды. Жұмыстан қол үзбей жүріп, ҚазМУ-дың жанындағы құрылыс жастарды оқуға түсуге әзірлейтін бір жылдық кешкі дайындық курсына түседі. Емтихандарды ойдағыдай тапсырып, 1982 жылы ҚазМУ-дың филология факультетінің студенті атанады. Бірнеше жыл еңбек өтілі бар, жасы үлкен ол курстастарына ақылшы болуына тура келді. Оны топ көсіподағының басшысы, жатақхананың студенттер кеңесінің мүшесі етіп сайлайды.

«1982 жылы шілде айында КазГУград қалашығында студенттердің құрылыс отрядтары құрылып, 15 шақты шатыр тігілді. Сөйтіп, кішігірім қалашық

БІЗДІҢ АНЫҚТАМА

Фарида Жұмажанова 1960 жылы Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданында дүниеге келген. 1988 жылы ҚазМУ-дың филология факультетінің араб бөлімін бітірді. Сөйтіп, араб, қазақ тілі мен әдебиетінің оқытушысы мамандығын алып шықты.

Фарида Тоқанқызы 1993 жылдан бастап, бүгінгі күнге дейін шығыстану факультетінде Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасында қызмет атқарып келеді. 2010 жылы филология ғылымының докторы, профессор Рымғали Нұрғалидың жетекшілігімен «Қазақ әдебиетіндегі шариғат негіздерінің көрінісі» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғаған.

«Қазіргі араб тіліндегі мәтіндер: лингвомәдени талдау» (ذي لاحت ءءارق: ءرصاع صوصن) «Фисақат Әйуғл (اھتجالعام ببيلاس او ببكارتلاو تادرفمالا يف ءالادلل ريغت)» әдістемелік семинарына қатысты. Ғылыми зерттеулер үшін Thomson Reuters ресурстары бойынша өткізілген семинарға, «Қазақ-Үнді арасындағы ынтымақтастық: өткені, болашағы» атты халықаралық онлайн конференцияға, Абай атындағы ҚазҰПУ-да өткен Ардакан университеті профессорының «Қазақ-түрік мәдени байланыстары» атты ғылыми-методикалық семинарға қатысты. Фарида Жұмажанова 60-тан астам ғылыми мақаланың, 1 монографияның, 3 оқу құралының, бірнеше типтік бағдарламаның авторы.

Ұстаз «Мамандық бойынша мәтінді аудару тәжірибесі», «Шет тілінің практикалық курсы», «Тілдің кіріспе курсы» арнайы курстарын жүргізеді.

Екінші курстың куратор-эдвайзері, кафедраның аға эдвайзері жұмысын атқарады. Жұмысына ұқыпты және үлкен жауапкершілікпен қарайды. Факультеттің және кафедраның қоғамдық жұмыстарына белсене араласады.

Фарида Тоқанқызы 2020/21 оқу жылында Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасы меңгерушісінің ғылыми-инновациялық қызмет және халықаралық байланыстар жөніндегі орынбасары, 2021/22 оқу жылында арабтану бөлімінің меңгерушісі қызметін үлкен жауапкершілікпен атқарды. Ол бірқатар ғылыми зерттеулер жобасының мүшесі ретінде қызмет атқарып келеді.

пайда болды. Университеттің дайындық тобынан оқуға түскен 1-курс студенттері қаланың құрылысында жұмыс істеді. Тобымыз ҚазМУ-дың сол кезде салынып жатқан Ректорат ғимаратына бөліндік. Осы ғимаратты салуға екі ай бойы өз үлесімізді қостық. Бірнеше студент абыройлы еңбек еткендері үшін құрылыс басқармасы тарапынан мақтау қағаздарымен марапатталды. Мен де сол студенттердің қатарында болдым», – дейді Фарида Тоқанқызы.

Ғалым-ұстаздың студенттік құрылыста еңбек еткенінің күе-сіндей сарғайған мақтау қағаздары әлі күнге дейін сандығында сақтаулы. Фарида Тоқанқызына Ректорат ғимаратын салуға қатысқаны үшін сол тұста ҚазМУ-дың комсомол комитетінің хатшысы міндетін атқарған Е.Корольковтың қолынан алған мақтау қағазы мен №50 СМУ-дың басшылығы тарапынан берілген құрмет

«Терең білім алу – басты мақсат, ал осы мақсатқа жетудің бірден-бір жолы – еңбек. Оқу да еңбек. Құрылыс алаңында еңбек ету жастарды төзімділікке, қайсарлыққа тәрбиелейді», – дейді ұстаз.

грамоталарының орны бөлек. Студенттік өмірінде төрт жыл қатарынан «Филолог» желілік-студенттік құрылыс отрядында еңбек етті. Жыл сайын студенттік құрылыс отрядында қалып жұмыс істейтін. 1982 жылы КазГУград қалашығында, 1983-84 жылдары Алматы облысының Нарынқол ауданында, 1985 жылы Кеген ауданының Тасашы ауылында үшін-

ші еңбек семестрі – құрылыс отрядында тер төкті. Тасашыда салып жатқан құрылысты аяқтап кету үшін ауылдағы атанасына да бармай, қазан айына дейін еңбек етті.

«Ауылға қайтарда студенттік құрылыс отрядының формасын киіп қайтамыз, кім қай оқу орнынан екені эмблемаларында көрсетіліп тұратын. Осының өзі мақтаныш, студент болатын жастар үшін үлкен өнеге еді. Бұл форманы киген студентті көрген ауыл баласының студент болғысы келетін. Біздің университет ректорының бастамасымен қазір осы құрылыс отрядтары қайтадан жандану үстінде. Біз бұл бастаманы қуана қолдаймыз. Қазіргі жасақталып жатқан құрылыс отрядтарының жұмысын естіп, өзіміздің жүріп өткен жолымызды сағына еске алып отырмыз. Жазғы студенттік құрылыс отрядының жастарға берері мол. Бұл

студенттерді еңбекке баулуға, бір-бірімен достасуға, бірігіп жұмыс істеуге үйретеді. Олар, сөйтіп, өмірдің еңбек мектебінен өтеді», – деген ойымен бөліседі көрнекті ғалым.

Осы күні Ректорат ғимаратының табалдырығын атаған сайын сол бір арманмен қанаттанған қызықты күндер есіне түседі. «Он бесінші қабаттағы мәжіліс залында өтетін жиындарға қатысқанда түп-түзу қабырғаға, теп-тегіс төбеге еріксіз көз саламын. Бәлкі, менің бүгінгі күні өзім оқыған университетте оқытушы болуыма айқын жол студенттік құрылыс отрядында болған кезде ашылған болар деген ой келеді», – дейді Фарида Жұмажанова.

ӨТКЕН ЖЫЛДАР ӨНЕГЕСІ

Оқу мен еңбек – егіз. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде еңбеккерлер туралы көп айтады. «Еңбек адамына құрмет өзгеше болуға тиіс», – дейді. Президенттің ойымен келісемін. «Мәселен, біз жастық шағы бүгінде келмеске кеткен кеңес заманында оқып, білім алған ұрпақтың өкілдеріміз. Студенттік-құрылыс отрядтарының мүшелері қалада да, ауылда да үшінші еңбек семестрлерін өткізіп отырды. Бұл отрядтар өсіресе колхоз-совхоздарда құрылыс жұмыстарын жүргізді. Күндіз қажырлы еңбек етіп, кешкісін сауық кештерін өткізіп, ауылдарды ән мен жырға бөледі. ЖОО-ның эмблемасы бар формаларын киіп, сап түзеп шерулете келіп-кетіп жатты. Осы көрініске ауыл адамдары сүйсіне, жас жеткіншектер қызыға қарайтын. Мәселен, өзіміз киген бір ғана ҚазМУ студенттерінің формасы талай жастың қызығушылығын тудырып қана қоймай, осы оқу орнына түссем деген ізгі арманын оятқаны анық. Терең білім алу – басты мақсат, ал осы мақсатқа жетудің бірден-бір жолы – еңбек. Оқу да еңбек. Құрылыс алаңында еңбек ету жастарды төзімділікке, қайсарлыққа тәрбиелейді», – дейді ұстаз. Шынында да, еңбек денсаулықты күшейтуге ықпал етеді. Өмірде қандай қиындық кездессе де, жеңуге көмек береді.

«Ой еңбегі дене еңбегімен ұштасса ғана әрбір жастың өмірде алмайтын қамалы болмайды. Адам баласына жас кезінде алған өнегесі бүкіл өміріне азық болмақ. Біз университетті бітіріп, оқытушылық қызметке араласып, ғылымның тереңіне бойлағанымызда да жалынды жастық шағымызда тер төккен студенттік отрядта қалыптасқан төзімділік пен табандылық сынды қасиеттер көмектесіп, алға жетеледі. «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та бар қалаң!» деп Абай атамыз айқандай, білім мен ғылым әлеміне бағытталған ізденісті жолымызда студенттік жылдары қалыптасқан осы қасиеттер бізді алға жетеледі, осы ғұмырымызға ғибрат болды», – деп еске алады Фарида Тоқанқызы.

Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ

Шмыгалева Татьяна Александровна в 1975 году закончила КазГУ им. Кирова, получив квалификацию математик, завершила обучение в аспирантуре КазГУ по специальности «Вычислительная математика». В 1990 г. защитила диссертацию по специальности «Применение вычислительной техники, математического моделирования и математических методов в научных исследованиях». Результатом данного диссертационного исследования является открытие нового каскадно-вероятностного метода, использующегося специалистами радиационной физики твердого тела, космофизики, позитронной физики. В 2001 г. защитила диссертацию на соискание ученой степени доктора технических наук по специальности «Математическое моделирование, численные методы и комплексы программ» в институте математики МО и Н РК. В 2010 году получила ученое звание академика Международной академии информатизации.



вание, численные методы, комплексы программ» (технические науки), членом Диссертационного совета по защите диссертаций на соискание доктора философии (PhD) по специальностям: «Информатика», «Автоматизация и управление», «Информационные системы», «Вычислительная техника и программное обеспечение», «Информатика, вычислительная техника и управление», «Системы информационной безопасности», председателем РУМС секции «Информатика», экспертом НЦТ по проверке корректности тестов по дисциплине Теория баз данных.

Татьяна Александровна является справедливым педагогом, у нее высокая квалификация, идет всегда в ногу со временем, читает предметы, востребованные в данный момент времени. Студенты довольны качеством преподавания и охотно выбирают ее предметы. Многие студенты и магистранты работают по специальности, а именно программистами в банках, фирмах, а также сами являются директорами фирм. С теплотой и благодарностью вспоминают профессора.

Весь путь Шмыгалева Т.А. начался с работы в должности инженера-программиста и продолжился в должности профессора кафедры компьютерных наук, где и работает она по настоящее время. Практически вся жизнь посвящена подготовке квалифицированных кадров в области программирования.

Коллектив кафедры компьютерных наук

Путь профессора

Татьяна Александровна в КазНУ работает с 1978 г. инженером-программистом, с 1992 года начальником отдела АСУ учебным процессом компьютер – центра КазНУ. Она сплотила вокруг себя команду программистов, которые освоив новые программные технологии, создали и внедрили на 13 факультетов университета автоматизированную систему для учебного процесса «Деканат». Разработали и внедрили также системы «Интерактивное Тестирование», «Тестирование на остаточные знания», «Студенческий отдел», «Справочные данные об университете», автоматизированные обучающие и контролируемые курсы по различным предметам для различных специальностей и факультетов. Надо отметить, что первоначально программы Центра тестирования были сделаны по образцу тестирования в КазГУ.

В период руководства Шмыгалева Т.А. кафедра осуществляла подготовку бакалавров

специальностей информатика, магистров информатики и аспирантов специальности «Математическое моделирование, численные методы и комплексы программ». Основное направление научной деятельности кафедры было – проектирование баз данных, надежность и отказоустойчивость, Web-программирование, программирование в операционных системах, объектно-ориентированное программирование, параллельные вычисления. Курсы из года в год обновлялись. В период заведования Шмыгалева Т.А. был выигран кафедральный проект, за счет которого было приобретено оборудование на кафедру: компьютеры, принтеры, кондиционеры и др. В рамках данного проекта были выполнены публикации преподавателей.

Факультет и кафедра активно участвовала в проведении республиканских и городских конкурсов студенческих и школьных проектов, олимпиад по информатике. Ежегодно кафедра проводила четверть финала Чемпионата мира по программированию для студентов вузов Казахстана. В 2006 году команда КазНУ им. Аль-Фараби заняла 1-место. 28-го апреля 2009 года на Республиканской олимпиаде, проводимой на механико-математическом факультете, студенты кафедры информатики заняли 1-е, 2-е, 3-е места.

С 2009 г. Шмыгалева Т.А. работает профессором кафедры информатики (ныне Компьютерные науки). Научно-педагогический стаж составляет 35 лет, общий стаж

работы 55 лет. Имеет более 300 научных работ, опубликованных в журналах РК, Ближнего и Дальнего зарубежья, а также индексируемых в базе Scopus и Web of Science, в том числе 8 монографий, постоянно участвует на международных и республиканских научных конференциях. Участвовала с докладами на международных и республиканских научно-методических конференциях, имеет более 30 научно-методических статей, 10 учебных пособий на русском и казахском языке, учебник в 2-х томах. Являлась руководителем авторского коллектива по разработке ГОСО для бакалавриата, магистратуры, PhD. Являлась членом докторского совета в КазНУ им. Аль-Фараби по специальности «Математическое моделиро-

Смотр готовности к новому учебному году

В преддверии нового 2023-2024 учебного года на военной кафедре НАО «Казахский национальный университет имени Аль-Фараби» проведен комплекс мероприятий по подготовке преподавательского состава и учебно-материальной базы к проведению занятий в новом учебном году.

По указанию начальника военной кафедры, полковника запаса Ажимова О.В. с профессорско-преподавательским составом проведен учебно-методический сбор. В ходе которого были подведены итоги учебно-воспитательного процесса военной кафедры в

2022-2023 учебном году. Руководством военной кафедры и лучшими методистами из числа профессорско-преподавательского состава проведены занятия по планированию и организации учебного процесса, организации, методики подготовки и проведения



учебных занятий по различным дисциплинам обучения всех военно-учетных специальностей.

Коллективом военной кафедры проведена большая работа по подготовке и совершенствованию учебно-материальной базы. Фактически во всех учебных аудиториях произведен косметический ремонт. Проверена готовность к учебному процессу тренажерных комплексов войск ПВО, мотострелковых войск, компьютерных классов. Необходимо отметить, что для качественного проведения учебного процесса к новому учебному году создано 8 новых учебных аудиторий. Это аудитории по организации, общевойсковой, инженерной и огневой подготовке, военной топографии, специальной

пропаганде, идеологической работе, военной педагогике и военной журналистике.

Предусмотрено максимально эффективное использование в ходе учебного процесса территории военной кафедры, на которой оформлены летние классы для подготовки офицеров и сержантов запаса войск ПВО, мотострелковых и разведывательных войск, военных связистов. Развернута полевая учебная метеорологическая площадка на 8 учебных мест, позволяющая проводить практические занятия с будущими военными метеорологами. Созданы учебные тактические позиции войск ПВО с огневыми и разведывательными войсками.

Важным направлением функционирования военной

кафедры является проведение мероприятий военно-патриотической направленности со студенческой и школьной молодежью. Разработан комплекс мероприятий воспитательной и военно-патриотической работы на новый учебный год, в котором одним из основных акцентов является встреча 90-летия КазНУ имени Аль-Фараби и военной кафедры передового вуза Казахстана. С этой целью преподавателями и студентами военной кафедры проведена историко-исследовательская работа по историческим вехам развития университета и его военной кафедры. Полностью переоборудован музей военной кафедры, обновлены все тематические стенды музея, произведена классификация экспонатов, оформлены фото галереи героев-казахстанцев и лучших выпускников военной кафедры.

Заблаговременная и плановая подготовка преподавательского состава и учебно-материальной базы является залогом успешной организации и проведения учебно-воспитательного процесса со студентами обучающимися на военной кафедре.

Каиржан ТУРЕЖАНОВ



Немеребай Нұрахметов 1938 жылдың 25 қыркүйегінде Алматы облысы Ескелді ауданы Жетісу атындағы ұжымшарда дүниеге келген. Жетісу орта мектебін 1956 жылы тұңғыш озат түлектерінің бірі болып бітірді.

1957 жылы Немеребай Нұрахметұлы Қазақ мемлекеттік университетінің химия факультетінің студенті атанды. Ол Физикалық химия кафедрасында маманданып, академик М.Усановичтің жетекшілігімен апротонды қышқыл-мыс хлоридінің органикалық негізі – пиридинмен әрекеттесуі тақырыбы бойынша дипломдық жұмысын қорғады.

Бейорганикалық химия кафедрасының меңгерушісі, әйгілі ғалым, профессор Б.Бірімжановтың шақыруымен аға лаборанттық қызметтен бас-

Қазақтілді қоғамға, білім беру жүйесіне химик ғалымның есімі таныс екеніне еш күмән жоқ. Ұжымына сыйлы, белгілі ғалым, талантты аудармашы,



Химия саласындағы жетістіктері қомақты еді...

тап, стажер-зерттеушілікті аспиранттықпен жалғастырып, кандидаттық диссертациясын табысты қорғады. 1962 жылдан бастап Бейорганикалық химия кафедрасының аға оқытушысы ретінде педагогикалық қызметін бастады. 1972 жылы доцент атанды. 1986 жылы «Амидтердің бейорганикалық қышқылдармен қосылыстарының синтезі, физика-химиялық қасиеттері және оларды қолдандық болашағы» атты тақырыпта докторлық диссертация қорғап, 1988 жылы Бейорганикалық химия кафедрасы бойынша профессор атағын иеленді.

Химия саласындағы ғылыми жетістіктері үшін профессор Н.Нұрахметов Қазақстан жоғары мектебі ғылымдар академиясының академигі (1995 ж.) және Нью-Йорк ғылымдар академиясының мүшесі (1996 ж.), Қазақстан педагогикалық ғылымдар академиясының академигі (2008 ж.) деген құрметті атақтарға ие болды.

Профессор Н.Нұрахметовтің ғылым мен білім саласындағы және қоғамдық еңбектері республика деңгейінде бағаланып, көпшілікке танылды. Ол «Қазақстанның еңбек сіңірген қызметкері» атағын иемденіп, «Құрмет» ордені, «Ерен еңбегі үшін» медалімен және бірнеше грамотамен марапатталған. «КСРО ағарту ісінің үздігі», А.Байтұрсынов атындағы «Саңлақ автор» медалінің иегері, ЖОО үздік оқытушысы болды.

Профессор Немеребай Нұрахметовтің айналысқан басты ғылыми бағыты: бейорганикалық протонды қышқылдардың құрамында азоты бар органикалық негіздермен әрекеттесуінің процестері мен өнімдерін зерттеу, жаңа күрделі қышқыл тұздарды синтездеудің физика-химиялық негіздері, олардың құрамын анықтау және ғылымда, техникада, ауыл шаруашылығында пайдалану аймақтарын айқындау. Ол күрделі органикалық катионды – онийлі тұздардың жаңа класының теориялық негізін қалады және оларға жалпы «амидқышқылдар» деген атау тақты. Профессор Н.Нұрахметов және оның шәкірттері (З.Утина, К.Ханапин, Р.Еркасов, Ә.Ташенов, Р.Омарова, Г.Абрамова, А.Губин т.б.) амидқышқылдардың құрылымын айқындауға көп көңіл бөлді.

өнегелі ұстаз және үлгі тұтар басшы бола білген Немеребай аға тұлғасына қатысты өнегелі іс-әрекетін шексіз айта беруге болады. Себебі өзінің адами болмысымен, азаматтық тұлғасымен, өршіл мінезімен, терең білімі мен білігімен Немеребай Нұрахметұлы өз ісінің шебер маман иесі бола білді. Немеребай аға өзінің қайсарлық пен батылдыққа айнымас азаматтық ұстанымымен, дәйек пен аргументтен тұратын ойлы пікірлерімен ерекшеленетін тұлға болатын. Сөйлеген сөзі жүректің түбіне баратындай еді. Ғалымның бастан кешкендерін көзбен көрмесе кет, көргендей болып отыратынымыз – ол кісінің тілдік сөйлем құрауының шеберлігінің арқасы еді.

Ол қазақ тілінде жоғары оқу орындарына арналған тұңғыш «Жалпы химия» оқулықтарын, химия оқу құралдары және орысша-қазақша сөздіктерді ұстазы Б.Бірімжанов пен досы Ш.Шаяхметов сынды ғалымдармен бірге жазса, тәуелсіз ел болғанда алғаш 8, 9, 10, 11 сыныптарға арналған «Химия» оқулығын және оған сәйкес оқу құралдарын жазып, артына өшпес із қалдырған майталман ғалым. Профессор Н.Нұрахметов ХХІ ғасырдың басында ҚР Тұңғыш Президентінің жарлығымен бекітілген «Тілдердің қызмет етуі мен дамуының мемлекеттік бағдарламасына» сәйкес келетін «Қазақша-орысша және орысша-қазақша ғылыми салалық терминологиялық сөздіктерді жасаудың салааралық ғылыми-зерттеу бағдарламасына» құлшына кіріскен. Ол белгілі ғалым-мамандар, ғылым докторлары, профессор С.Ақаев, С.Жайлау, А.Нұхұлы, ғылым кандидаты Ә.Қоқанбаев т.б. құралған, отандық қазақ тіліне лайықталған химия терминдерін жасауға жауапты топқа жетекшілік еткен. Олар дайындаған қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік «Химия» бұрыннан қазақ тілінде қабылданған барлық химиялық термин сөздердің басын қосып әрі барынша молайтып жаңартқан. 5000-нан аса терминді қамтитын химия және химиялық технология бойынша қазақ-орыс терминологиялық сөздігі 2000 жылы жарыққа шықты. Осы еңбегі үшін ол 2001 жылы ғылым, техника

және білім саласы бойынша ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды.

1991-1997 жылдар аралығында профессор Н.Нұрахметов педагогика саласын шет қалдырмай, Ы.Алтынсарин атындағы Қазақтың білім проблемалары (ҚазБПИ) институтын басқарып жүріп, оның ғылыми бағыты мен міндеттерін айқындаған. Ол «Білім» ғылыми-педагогикалық бірлестігінің, Білім министрлігі жанындағы Ғылыми-әдістемелік үйлестіру орталығының құрылуына ұйытқы болды.

Ағамыздың өзі өмірден өткенімен, біздің есіміздегі жарқын бейнесі, сөзі ешқашан өлмейді. Ұлы Абай мен Ы.Алтынсаринді ерен тұлғалар деп атап, олардың еңбектерін бағалап, «Абайдың ұстаздық ұлағаты» және «Ы.Алтынсарин миссионер болған ба?» атты мақалаларын жариялады. Өз ұстаздарын сыйлайтын, өзінен кейінгі ғалымдарды құрметтей білетін, адамгершілігі жоғары ағамыз әрқашан естелік жазуға дайын жүретін еді. Оның бір дәлелі – х.ғ.д., профессор Б.Бірімжанов жайлы жазылған «Тектіліктің туын ұстаған ұлы ұстазым», «Егемен Қазақстанның білімінің көшін бастаған тұңғыш министр Шайсұлтан Шаяхметов» және «Білім мен ғылымды ұштастырған талантты ұстаз, ғалым, басшы» (х.ғ.д., профессор М.Бүркітбаев жайлы) естеліктері.

Әр адамның ерекше қасиеттерін дәл сипаттап, адами рухын көтеріп, алға итермелеп отыратын. Сүрінгенге сынай қарамай, оның жағдайын егжей-тегжейлі сұрап біліп, қателескен жерін түзеуге болатын әдістерді де тауып, шаруасын шешіп беруге қол ұшын созуға дайын тұратын жарқын бейнесі ел есінде. Бірнеше майталман ғалымдарымыздың шығармашылық таланттарын аша біліп, қоғамда өз орындарын табуға ықпал еткен ұстазымыз мәңгілік есімізде.

«Тектіден текті туады, тектілік тұқым қуады» деген сөз бар. Осы сөзге Немеребай ағаның өзі де, балалары да өте лайықты деп есептейміз.

Назгүл ДАЛАБАЕВА,
Жалпы және бейорганикалық химия кафедрасының аға оқытушысы, химия ғылымының кандидаты

Халықаралық олимпиаданың жүлдегерлері

IOAA (International Olympiad on Astronomy and Astrophysics, (<https://www.ioaastrophysics.org/>) 2007 жылы Таиланд, Индонезия, Иран, Қытай және Польша өкілдерімен физикадан халықаралық олимпиадаға ұқсас (International Physics Olympiad, IPhO) және студенттер мен жоғары сынып оқушыларын астрономия мен астрофизика саласына ынталандыру мақсатында құрылған.



Бұл халықаралық олимпиада жаратылыстану ғылымдары: геометрия, алгебра, жоғарғы математика, физика, астрономия, астрофизика, космология, ақпараттық технология және т.б. сияқты ғылымның өзекті салаларының тоғысында қиын мәселелерді шешуге арналған интеллектуалдық сайыс ретінде жыл сайын жаһандық бәсекелестік пен ынтымақтастық рухында әлемнің түкпір-түкпірінен жүздеген талантты жастарды біріктіреді. Сонымен қатар IOAA бірінші рет 2007 жылы Таиландта, одан кейін Индонезия, Иран, Қытай, Польша, Бразилия, Грекия, Румыния, Үндістан, Таиланд, Венгрия, Эстония, Колумбия, Грузия мемлекеттерінде аса жоғары деңгейде ұйымдастырылып келеді.

Қазақстан ұлттық командасы осы олимпиадаға 2012 жылдан бері үзбей қатысып, 65-ке жуық алтын, күміс, қола және мақтау қағаздарын алып отырды. 2021 және 2022 жылдары еліміздің мәртебесі үшін ерекше қуанышты жағдай орын алған болатын. Себебі Қазақстан ұлттық командасы ондаған жылдар бойы үздіксіз қатысып, бірінші рет астрофизика және астрономиядан халықаралық олимпиадада екі жыл қатарынан алтын медаль жеңіп алды.

Биыл 10-20 тамыз аралығында XVI IOAA Польша мемлекетінің Хожув қаласында өткен олимпиадаға әлемнің 50 мемлекетінен 300-ге жуық оқушы мен студенттер қатысты.

Олимпиадаға Қазақстан ұлттық командасы мынадай құрамда барды: Дамир Аленов, Ахмаджон Табаров, Бекасыл Елубай (Алматы қаласы физика-математика бағытындағы Назарбаев зияткерлік мектебі), Уәлихан Қылышбек, Заңғар Суннатов (РФМШ, Алматы) пен жетекшілері Нұрзада Бейсен (Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры) және Әсел Кенжетай («Бөбек» об-

серваториясы директорының орынбасары). Қатысу шығындарын «Бөбек» ҰҒПББСО ҚР Оқу-ағарту министрлігінің 004 бюджеттік бағдарламасының 103-ші кіші бағдарламасы есебінен толық жүзеге асырды.

Олимпиада төрт кезеңнен тұрды. Теориялық турда қатысушылар астрономия мен астрофизиканың кем дегенде төрт саласын қамтитын және жоғары деңгейдегі қосымша білім мен физиканың ғарыштық аспектілерін білуге арналған есептерді шешті. Бақылау туры қатысушылардың жұлдызды аспан туралы біліміне есептелді. Практикалық тур кезінде зерттеу деректеріне негіздеп алынған деректерді өңдеу негізінде есептер болды. Сондай-ақ әр командаға олимпиада барысында шешуге тура келетін зерттеу мәселесі ұсынылды.

Олимпиада қорытындысы олимпиадаға қатысушылардың ең жоғары ұпайының нәтижесі бойынша шығарылды. Алтын медаль, күміс медаль, қола медаль және «Құрмет грамотасы» сияқты марапаттар болды. Бұл олимпиадада жетістікке қол жеткізу өте қиын. Себебі оған 20 жасқа дейінгі әрбір елдің таңдаулы үздік мектеп оқушылары мен студенттері қатысады. Жоғарыда айтылғандай, бұл есептерді шешу үшін қатысушы математикалық аппаратты толығымен меңгерген, оның үстіне физиканы да жақсы білуі керек. Кейде химиялық реакцияларды жазуды талап етеді. Сондай-ақ биологияға қатысы бар «планетаның өмір сүруге қолайлылық жағдайларын анықтаңыз» деген сияқты мәселелер бар.

Биылғы олимпиадада жеткен үлкен жетістігіміз Ахмаджон Табаров – күміс медаль, Бекасыл Елубай қола медаль иемденіп, мерейімізді асырды.

Мәдина ӘЛІМҚҰЛОВА,
Теориялық және ядролық физика кафедрасының оқытушысы

Фарабитану терең зерттеледі

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың философия және саясаттану факультетінің деканы, қауымдастырылған профессор Бекжан Мейірбаев Иран Ислам Республикасының Алматы қаласындағы Бас консулдығының мәдени кеңесшісі Хусейн Ағзадемен кездесті.



сын арттыру, климатты жақсарту, бейбітшілік, әділдік және тиімді институттар, тұрақты даму үшін серіктестік мәселелері жан-жақты қамтылуда.

Жүздесуде Иран Ислам Республикасының Алматы қаласындағы Бас консулдығының өкілдері ғылымды дамытудағы түйткілді мәселелерге мән беріп, алдағы жоспарларымен бөлісті.

Өз кезегінде Хусейн Ағзаде университет ұжымына ризашылығын білдіріп, ҚазҰУ-мен әріптестік орнатуға дайын екенін жеткізді. Сондай-ақ ол алға қойылған мақсаттар мен бастамалардың тиімділігі үшін ғылыми алаңдар құруға назар аудару қажеттігін атап, білім, ғылым, мәдениет саласындағы жаңа негізгі әдістер жайлы айтып берді.

Жиын аясында сонымен қатар халықаралық академиялық ынтымақтастықты жақсартуда

«Дінтану», «Мәдениеттану» мамандықтары бойынша білім алатын студенттерге арналған академиялық ұтқырлық бағдарламасын іске асыру, жас ғалымдардың тағалымдамасы сынды мәселелерді қолға алу көзделді. Иран Ислам Республикасындағы белгілі фарабитанушы ғалым-зерттеушілердің қатысуымен халықаралық форум, конференциялар мен вебинарлар ұйымдастыру жоспары талқыланды.

Кездесу нәтижесінде 2023/24 оқу жылының қазан айында Әл-Фараби мұрасындағы гуманизм және этика мәселелері бойынша бірлескен халықаралық конференция өткізу туралы шешім қабылданды.

Фатима МАМЕДОВА,
Таяу Шығыс және Орта Азия кафедрасының доцент м.а., ф.ғ.к.

География және табиғатты пайдалану факультеті «Табиғи-техногендік қауіп-қатерлер» мамандығының 1-курс студенттерімен «Президент жолдауы – 2023» тақырыбында куратор-эдвайзерлік сағат өткізілді.

Геологиялық барлау ісі мәселесі айтылды

Студенттер Білім күнімен сәйкес келген Президент жолдауын тыңдай отырып, ол жерден алған әсерлерімен бөлісті. Сонымен қатар «Президент жолдауы – 2023» тақырыбында презентация жасап, өз ойларын ортаға салды.

Студенттер жолдауда айтылған барлық салаға қатысты жаңа бағдарлама, тапсырмалар мен талаптарды ескере отырып, жолдаудың басым бағыты экономикаға бағытталғанын және экономикалық іс-шаралардың нәтижесі халықтың жағдайына әсер етуі керек екенін, сонымен қатар бес жастан асқан балаларға арналған «Келешек» атты бірыңғай ерікті жинақтау жүйесін енгізу туралы берген тапсырмалары көңілдерінен шыққанын атап өтті.

Бүгінгі таңда студенттеріміздің өте білімді, қырағы және жан-жақты екенін байқауға болады. Олар жолдауда айтылған геологиялық барлау ісі айрықша назар аударуды қажет ететіні, су тапшылығы бойынша көтерген мәселе, сонымен қатар «жаңа заманның мұнайына» айналған жерде сирек кездесетін металл кеніштерін игеру басты бағыттың бірі болуы керек деп, осы бағытта берілген тапсырмаларға басты назар аударып, талқылауға тырысты.

«Тағы бір маңызды мәселе – қорғаныс-өнеркәсіп кешенін жан-жақты нығайту. Бұл сала дамыған елдердің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету ісінде басты рөл атқарады», – деп айтқан Президент сөзіне мән беріп, өздерінің болашақ маман ретінде ғылыми-тәжірибелік дағдыларын дамытуымыз керек деп ойлайды.

Студенттер өз презентацияларында жолдауда қарастырылған егін шаруашылығына қойылған талаптар, агроөнеркәсіп кешенін өркендетуге қатысты мәселелерді де назардан тыс қалдырмай атап өтті.

Президентіміздің өткен қыста еліміздің жылу электр станцияларында қайта-қайта апат болғанын, яғни бұл инфрақұрылымның әбден то-

зуы халықтың тұрмыс сапасына тікелей әсер етіп тұрғанын, демек, инфрақұрылымды жаңғыртпасақ, жаңа экономикалық үлгіге көшу мүмкін емес деп айтуы студенттерді бейжай қалдырмады. Олар өздерінің таңдаған мамандықтары бойынша табиғи және техноген-



дік қауіп-қатерлердің әр салада болу мүмкіндігін және оның қоршаған орта мен адам денсаулығына қаншалықты әсер ететінін атап өтті.

Сонымен қатар студенттеріміз Мемлекет басшысының «Кәсіпкерлікке толмағандарға жасалған зорлық-зомбылықтың кез келген түріне қатысты жазаны күшейтуді талап ету, жол, ғимарат, киім-кешек, азық-түлік, яғни барлығы балалар үшін қауіпсіз болуы керек. Сондай-ақ өскелең ұрпақтың психикалық саулығы – өте маңызды мәселе» деп атап өткені көңіл қуантарлық деп тоқталды.

Президентіміздің жолдауда: «Бәріне бірдей білім беру үшін интернет жылдамдығы жоғары және білім берудің цифрлық ресурстары тегін әрі қолжетімді болуы шарт. Оқу орындары түлектерге жұмыс бере алатын мекемелермен ұзақ мерзімге арналған әріптестік орнатуы қажет. Экономиканың басымдықтарына, аймақтың және саланың ерекшеліктеріне байланысты тиімді қаржыландыру тәсілдері керек», – дегені жастардың болашаққа деген сенімдерін одан сайын арттыра түскендей.

Бүгінгі кураторлық сағатта топтағы студенттер өте белсенді қатысты. Болашақта біздің студенттеріміз еліміздің өркендеуіне үлес қосатын білімді де білікті жақсы маман болатынына сенім білдірді.

Ақтоты БЕКЖАНОВА,
«Табиғи-техногендік қауіп-қатерлер» мамандығының куратор-эдвайзері

Қалашықта тұру ережелері түсіндірілді

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қызметкерлері жатақханаларда тәртіп сақтау тақырыбында бірқатар жиналыстар өткізіп, оған 1-курс студенттері мен студенттер үйінде тұратын белсенділер қатысты.

Іс-шараларға ЖОО факультеттерінің 1-курс студенттері, студенттік қалашық әкімшілігі, жастармен жұмыс жөніндегі департамент пен студенттер кеңесінің өкілдері, Бостандық ауданы полиция бөлімінің қызметкерлері және факультеттердің адвайзерлері қатысты.

Бірінші курс студенттері кездесу барысында студенттік кеңес төрағалары және жатақхана старосталарымен танысты. Сондай-ақ студенттер үйінде тұру ережелері, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ студенттік қалашығы аумағында тұрғындардың қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті сақтау ережелері баяндалды. Сонымен қатар қылмыстар мен құқық бұзушы-



лықтардың алдын алу, деструктивті жалған діни және радикалды топтардан сақтану мәселелері қозғалды. Шара барысында жезөкшелік пен порнографияның әлеуметтік қауіптілігі жөнінде де түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Кездесу нәтижесінде студенттер жатақханалардағы тәртіп пен тазалық туралы өздері қызықтырған сұрақтарға және басқа да тақырыптарға жауап алды. Ұйымдастырушылық сипаттағы бірқатар мәселелер

шешілді, мысалы: қоғамдық көмекшілерді таңдау, жатақхана қабаттарының басшыларын, студенттік активтің кезекшілік кестесін бекіту және т.б.

Мұндай іс-шаралар 1-курс студенттеріне студенттік қалашықтағы өмір ережелері туралы білімдерін толықтыруға, жаңа жағдайларға бейімделуге, студенттік өмірге енуге және үйренуге көмектеседі.

Айнұр АҚЫНБАЕВА

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
Басқарма Төрағасы – Ректоры
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Ақпарат және коммуникациялар департаментінің директоры
Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ
Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ
Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН, Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ, Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ
Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ
Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-27, 32-28, тікелей: 377-31-48.
• Электронды мекенжай: **kaznugazeta@gmail.com**
• Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Everest» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Қайыржан ТӨРЕЖАН

Бағасы келісім бойынша.

Газетке жазылу индексі: 64787

Таралымы – 2500

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.